

«Нұрбанк» АҚ Басқармасы шешімінің Қосымшасы
2026 жылдың 30 шілдесіндегі № 62 Хаттама

**«Нұрбанк» АҚ 2025 жылғы қабылданатын тәуекелдер, тәуекелдер мен капиталды басқару рәсімдері туралы мәліметтер
Терминдер мен қысқартылған сөздер**

1. Банк – «Нұрбанк» АҚ;
 2. Мәліметтер – Банк Басқармасы бекіткен осы «Нұрбанк» АҚ қабылданатын тәуекелдер, тәуекелдер мен капиталды басқару рәсімдері туралы мәліметтер;
 3. Ережелер - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2026 жылдың 28 сәуіріндегі №86 қаулысымен бекітілген банктерге, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру ережелері;
 4. уәкілетті орган (Агенттік) – Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі;
 5. есептік күн – 2026 жылдың 1 қаңтары; есептік кезең – 2025 жыл.
- Есепті кезең ішінде Банктің тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылдың 12 қарашаындағы №188 қаулысымен бекітілген, осы Ережелер қолданысқа енгізілгенге дейін әрекет еткен Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері, банк-резидент еместердің филиалдары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру ережелеріне сәйкес құрылды.

Осы құжаттың мақсаты

Осы Мәліметтер Банк қызметінің ашықтығын арттыру және қаржы нарығының мүдделі қатысушыларына қосымша ақпарат беру мақсатында әзірленді.

Банк Ережелердің 148, 149, 151 және 152 тармақтарында қарастырылған тәртіп пен көлемде тәуекелдер мен капиталды анықтау, бағалау және басқару жөніндегі әдістер мен рәсімдер туралы осы Мәліметтерді ашады.

Сандық ақпарат 2026 жылдың 1 қаңтарындағы жай-күй бойынша ашылады, сапалық ақпарат – 2025 жыл үшін ұсынылады.

Ережелердің 150-тармағына сәйкес осы Мәліметтер жеке құжат ретінде ұсынылады, жыл сайынғы негізде ашылады және есептік жылдан кейінгі жылдың 30 шілдесінен кешіктірімей Банктің интернет-ресурсында орналастырылады.

Ақпараттың салыстырмалылығы және өзгерістер туралы түсіндірмелер

Ашылатын мәліметтер Банктің алдыңғы есепті кезеңдер үшін ашқан ақпараттарымен салыстырмалы болып табылады және Банктің қызметі туралы ақпаратты басқа банктер жариялайтын мәліметтермен салыстыруға мүмкіндік береді.

2024 жыл ішінде Банк ашқан мәліметтермен салыстырғанда, осы Мәліметтерде келесі өзгерістер енгізілді:

1. ақпаратты ашу бұған дейін қолданылған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылдың 12 қарашасындағы № 188 қаулысымен бекітілген Ережелерінің орнына Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2026 жылдың 28 сәуіріндегі № 86 қаулысымен бекітілген Ережелерге сәйкес келтірілді;
2. елеулі тәуекелдер тізбесі тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау рәсімінің нәтижелеріне сәйкес келтірілді: елеулі тәуекелдерге кредиттік тәуекел, нарықтық тәуекел, операциялық тәуекел, өтімділік тәуекелі және ҚЗК/ТК/ЖҚҚТ тәуекелі жатқызылды. Бұрын негізгі тәуекелдер құрамында ашылып келген стратегиялық тәуекел маңыздылықты бағалау нәтижелері бойынша күшейтілген мониторинг белгіленген ерекше бақылаудағы тәуекелдер санатына жатқызылды;
3. Банктің ішкі саясаттарының тізбесі «Нұрбанк» АҚ-ның алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясаты және «Нұрбанк» АҚ-ның экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару саясатымен толықтырылды;
4. кредиттік тәуекел туралы ашылатын ақпараттың құрамы кредиттік тәуекел лимиттері, кредиттік тәуекел профилі және кредиттік тәуекелді басқаруға тартылған бөлімшелердің өзара іс-қимыл рәсімдері туралы мәліметтермен толықтырылды;
5. меншікті капитал туралы ашылатын ақпараттың құрамы өзіндік капиталды басқару саласындағы критерийлер мен тәсілдер және капиталдың жеткіліктілігін бағалау тәсілдері туралы мәліметтермен толықтырылды.

Банк қызметінің негізгі түрлері туралы қысқаша ақпарат

Банк 1992 жылы құрылған және есепті күні заңды және жеке тұлғаларға арналған операцияларды жүзеге асырады. Банктің Қазақстан Республикасы бойынша дамыған филиалдық желісі жұмыс істейді, 01.01.2026 жылғы жай-күй бойынша 16 филиалы және 45 бөлімі қызмет көрсетеді.

Банктің миссиясы: «Күшіміз жаңашылдықта, қызметіміз жүректен: біз әр клиентке жылулық пен назар аудара отырып, клиенттерге инновациялық шешімдерді ұсыну үшін алға ұмтыламыз».

Банк бизнестің ақша ғана емес, қоғам мен табиғатқа да пайда әкелетінін растай отырып, ESG қағидаттарын өз жұмысына сәтті енгізуде.

Банктің негізгі қызмет түрлері мен өнімдері

1. Жеке тұлғаларға банктік қызмет көрсету:
 - 1.1. ағымдағы шоттарды басқару: төлемдер мен аударымдар (соның ішінде халықаралық), ақша айырбастау, кассалық операциялар;
 - 1.2. қолма-қол ақшамен кассалық операциялар;
 - 1.3. бөлшек сауда бизнес депозиттері;
 - 1.4. бөлшек сауда бизнесінің кредиттік өнімдері;
 - 1.5. бөлшек сауда бизнесінің карточкалық өнімдері;
 - 1.6. сейфтік қызметтер;
 - 1.7. интернет-банкинг.
2. Заңды тұлғаларға банктік қызмет көрсету:
 - 2.1. корпоративтік клиенттерге кредит беру;
 - 2.2. бизнес үшін банктік кепілдіктер шығару (оның ішінде бланкілік, тендерлік кепілдіктер);
 - 2.3. корпоративтік клиенттерге арналған карта өнімдері;
 - 2.4. корпоративтік клиенттерге арналған депозиттер;
 - 2.5. ағымдағы шоттарды басқару: төлемдер мен аударымдар (соның ішінде халықаралық),

- ақша айырбастау, кассалық операциялар;
- 2.6. қолма-қол ақшамен кассалық операциялар;
- 2.7. сейфтік қызметтер;
- 2.8. интернет-банкинг.

03.02.2020 жылғы №1.2.15/193 банктік қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияға сәйкес бағалы қағаздар нарығында жасалатын өзге де операциялар.

Банктің рейтингі туралы мәлімет

2025 жылдың 1 тамызында кредиттік рейтингті жыл сайынғы қайта қарау шеңберінде халықаралық рейтингтік агенттік S&P Global Ratings Банктің ұзақ мерзімді кредиттік рейтингін «В» деңгейінде тұрақты болжаммен растады. Қысқа мерзімді эмитент рейтингі «В» деңгейінде, ұлттық шәкіл бойынша рейтинг «kzBB+» деңгейінде сақталды.

Рейтингтердің расталуы Банктің нарықтағы орнының тұрақтылығын, сондай-ақ өзгермелі макроэкономикалық жағдайларға бейімделу қабілетін көрсетеді.

Директорлар кеңесі мен Банк Басқармасының тәуекелдерді басқару саясаттарын іске асыру тәртібі

Банктің тәуекелдерді басқару жүйесі Банктің тәуекелдерін уақтылы анықтау, өлшеу, бақылау және мониторингтеу, сондай-ақ оның қаржылық орнықтылығы мен тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін оларды барынша азайту мақсатында банк әзірлеген және регламенттеген ішкі рәсімдерінің, процестерінің, саясаттарының, банктің құрылымдық бөлімшелерінің өзара іс-қимыл тетігін қамтамасыз ететін Ережелерде белгіленген компоненттер жиынтығы болып табылады.

Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін Банкте Директорлар кеңесі және Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер, Басқарма және Басқарма жанындағы комитеттер жұмыс істейді. Әрбір алқалы органның қызметі Банктің ішкі рәсімдерінің талаптарына сәйкес бекітілген және шешім қабылдау мәртебесін, өкілеттігі мен тәртібін айқындайтын тиісті Ережемен реттеледі.

Директорлар кеңесінің Тәуекелдер және сапа жөніндегі комитеті Ережелерге сәйкес тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитет болып табылады.

Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасында және банк Жарғысында Банк акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Банк қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын Банктің басқару органы болып табылады. Директорлар кеңесінің Банктің бекітілген Жарғысына сәйкес Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ. Директорлар кеңесінің шешімдері Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы бекіткен "Нұрбанк" АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеде айқындалған тәртіппен қабылданады.

Банктің Директорлар кеңесі таңдалған бизнес үлгісіне, банк қызметінің ауқымына, операциялардың түрлері мен күрделілігіне сәйкес келетін тәуекелдерді басқару жүйесінің болуын қамтамасыз етеді және Банктің өзіндік капиталының шамасын және банк қызметіне тән елеулі тәуекелдерді жабу үшін қажетті өтімділікті айқындау мақсатында банктің Елеулі тәуекелдерін анықтау, өлшеу және бағалау, мониторинг жүргізу, бақылау және азайту рәсімдерінің тиісті үдерісін қамтамасыз етеді.

Банк Басқармасы Банктің ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын атқарушы органы болып табылады, банктің стратегиясы мен саясатын әзірлеуге қатысады және іске асыруды, акционерлердің жалпы жиналысы мен Банктің Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады.

Банк Басқармасының негізгі міндеттері:

1. Банктің сенімді, тиісті және заңды жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

2. табыстылықтың жоғары деңгейіне қол жеткізу мақсатында банк қызметін басқару;
3. ішкі бақылау жүйесінің және тәуекелдер мониторингі жүйесінің тиімділігін арттыру;
4. акционерлердің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету.

Банк Басқармасы өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің Жарғысына, акционерлердің жалпы жиналысы мен Банктің Директорлар кеңесінің шешімдеріне, Директорлар Кеңесі бекіткен Басқарма туралы ережеге және Банктің өзге де ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырады. Банк Басқармасы таңдалған бизнес-модельге, қызмет ауқымына, операциялардың түрлері мен күрделілігіне, тәуекел бейіліне және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Банктің ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады. Банк Басқармасы Банктің және оның акционерлерінің мүддесі үшін әрекет етеді және Банктің Директорлар кеңесіне есеп береді.

Тәуекелдерді басқару жүйесін құрудың қағидаттары

Тәуекелдерді басқару жүйесін қалыптастыру кезінде Банк келесі қағидаттарды басшылыққа алады:

1. тәуекелдерді басқару жүйесі Банктің тәуекел-профиліне әсер ететін ішкі және сыртқы факторларды ескереді; Банктің өнімдері мен үдерістері олардың толық өмірлік циклі ескеріле отырып қарастырылады, бұл ретте әрбір тәуекел жеке-жеке де, сондай-ақ басқа тәуекелдердің жиынтығында бағаланады;
2. тәуекелдерді басқару жүйесі қабылданатын тәуекел деңгейі мен табыстылық арасындағы арақатынасты ескереді, тәуекелдердің бекітілген тәуекел-тәбеті шегінде сақталуын қамтамасыз етеді және сыртқы ортаның өзгерістеріне бейімделгіш болып табылады;
3. тәуекелдерді басқару жүйесі шеңберіндегі ұйымдық құрылым кадрлық және ақпараттық-технологиялық ресурстарды ұтымды бөлу жағдайында барлық кезеңдер мен деңгейлерде бақылауды, сондай-ақ басқарушылық есептіліктің тиімді жүйесін қамтамасыз етеді;
4. тәуекелдерді басқару жүйесі болжамдық тәсілге негізделген, ол табыстылықтың, капитал жеткіліктілігінің және тәуекелдер деңгейінің ықтимал өзгерістерін, соның ішінде стратегиялық тәуекелді мониторингтеу шеңберінде бағалауға мүмкіндік береді;
5. тәуекелдерді басқару жүйесі Банктің капитал жеткіліктілігі мен өтімділік позициясының өзгеру ықтималдығын салыстыра бағалау үшін макроэкономикалық көрсеткіштерді ескереді.

Ішкі бақылау жүйесі

Банктің қолданыстағы ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында Банкте 3 қорғаныс желісі белгіленген:

- 1) 1-желі Банктің барлық құрылымдық бөлімшелері деңгейінде;
- 2) 2-желі өз құзыреті шеңберінде бақылау функцияларын орындайтын тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшелер деңгейінде;
- 3) 3-желі үдерістердің тиімділігін тәуелсіз бағалау арқылы Ішкі аудит қызметі деңгейінде белгіленді.

Ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне мониторингті бірінші және екінші қорғаныс желісі, сондай-ақ Банк Басқармасы тұрақты негізде жүзеге асырады. Ішкі бақылаудың елеулі кемшіліктері мен тиімділіктің ағымдағы деңгейі тәуекелдерді басқару жөніндегі тиісті саясаттарда айқындалған тұрақты негізде тәуекелдер бойынша басқарушылық есептілік құрамында Банк Басқармасының, тәуекелдер және сапа жөніндегі директорлар кеңесінің және Банктің Директорлар кеңесінің назарына жеткізіледі.

Директорлар кеңесінің тәуекелдер және сапа жөніндегі комитеті ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуін бақылауды жүзеге асырады.

Банктегі ішкі бақылау жүйесінің мониторингі төмендегілерді қарастырады:

1. тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың барлық деңгейлерінде бақылау рәсімдерін

іске асыру;

2. Ішкі бақылаулардың тиімділігін бағалауды жүргізу;

3. ішкі бақылау шеңберінде үдерістік тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шараларды сәйкестендіру және әзірлеу;

4. бизнес-үдерістердегі кемшіліктерді жою;

5. Басқармаға, уәкілетті комитеттерге, Директорлар кеңесіне басқарушылық есептілікті әзірлеу және ұсыну.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі шеңберінде банкте Банктің Директорлар Кеңесі бекіткен келесі саясаттар қолданылады:

1. «Нұрбанк» АҚ операциялық тәуекелдерді басқару саясаты;

2. «Нұрбанк» АҚ ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқару саясаты;

3. «Нұрбанк» АҚ ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару саясаты;

4. «Нұрбанк» АҚ кредиттік тәуекелді басқару саясаты;

5. «Нұрбанк» АҚ ішкі бақылау саясаты;

6. «Нұрбанк» АҚ қызметінің үздіксіздігін басқару саясаты;

7. «Нұрбанк» АҚ-да комплаенс-тәуекелді басқару саясаты;

8. «Нұрбанк» АҚ нарықтық тәуекелді басқару саясаты;

9. «Нұрбанк» АҚ стратегиялық және бюджеттік жоспарлау саясаты;

10. «Нұрбанк» АҚ активтері мен пассивтерін басқару саясаты;

11. Шоғырландырылған негізде «Нұрбанк» АҚ өтімділікті басқару саясаты;

12. «Нұрбанк» АҚ алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясат;

13. «Нұрбанк» АҚ Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы саясаты;

14. «Нұрбанк» АҚ Экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару жөніндегі саясат.

Банк қызметіне тән елеулі тәуекелдер туралы ақпарат

Банктің қызметіне тән барлық тәуекелдердің жиынтығы шеңберінде Банк пропорционалшылық қағидатын, операциялар сипатын, активтер мен міндеттемелер құрылымын, бизнес-моделін және Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын басшылыққа ала отырып, келесі елеулі тәуекелдерді айқындайды, яғни іске асырылуы Банктің қаржылық тұрақтылығына, меншікті капиталының көлеміне, өтімділігіне, қаржылық нәтижелеріне, іскерлік беделіне елеулі теріс әсер етуі немесе уәкілетті органның міндетті нормативтері мен талаптарының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін тәуекелдер: кредиттік тәуекел, нарықтық тәуекел, операциялық тәуекел, өтімділік тәуекелі және ҚЗҚ/ТҚ/ЖҚҚТ тәуекелі.

Нарықтық тәуекел жиынтық түрде ашылады және пайыздық тәуекелді, валюталық тәуекелді және бағалау тәуекелін қамтиды, олардың әрқайсысы тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау рәсімінің нәтижелері бойынша елеулі деп танылған.

Әсер ету деңгейі елеусіз болған кезде тәуекелге ұшырау деңгейі елеулі деп танылған тәуекелдер Банк тарапынан күшейтілген мониторинг белгіленген ерекше бақылаудағы тәуекелдер санатына жатқызылды. Бұл санатқа стратегиялық тәуекел, алаяқтық тәуекелі, ақпараттық қауіпсіздік тәуекелі, елдік (трансферттік) тәуекел және ақпараттық технологиялар тәуекелі жатады. Елеулі әсер ету және елеулі ұшырау критерийлеріне сәйкес келмейтін тәуекелдер елеусіз деп танылады және Банктің ағымдағы қызметі шеңберінде басқарылады.

Ерекше бақылаудағы тәуекелдерге қатысты Банк күшейтілген мониторингті белгілеген, ол тәуекелге ұшырау деңгейін тұрақты қадағалауды, тәуекел факторлары мен көздерін талдауды, сондай-ақ оларды төмендету жөніндегі шаралардың іске асырылуын бақылауды көздейді. Мониторинг өз құзыреті шеңберінде қорғаныстың екінші желісінің бөлімшелерімен жүзеге асырылады; мониторинг нәтижелері тәуекелдер бойынша басқарушылық есептіліктің құрамына енгізіледі және Банктің Басқармасына, Директорлар кеңесінің тәуекелдер және сапа жөніндегі комитетіне және Банктің Директорлар кеңесіне жеткізіледі. Әсер ету немесе ұшырау деңгейі өзгерген жағдайда ерекше бақылаудағы тәуекел кезекті немесе жоспардан тыс

тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау рәсімі шеңберінде қайта бағалануы тиіс және қажет болған жағдайда Банктің елеулі тәуекелдері тізбесіне енгізілуі мүмкін.

Шоғырлану тәуекелі Банк тарапынан тәуекелдің дербес түрі ретінде бөлінбейді және тиісті тәуекел түрлерінің, ең алдымен кредиттік тәуекел мен өтімділік тәуекелінің құрамдас элементі ретінде қарастырылады. Шоғырлану көрсеткіштері, оның ішінде ірі контрагенттерге қорландырудың шоғырлануы тәуекел-тәбетінің негізгі индикаторлары тізбесіне енгізілген және жеке мониторинг пен лимит жасалуы тиіс.

Банктің елеулі тәуекелдерінің тізбесі тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау жөніндегі кезекті рәсімнің қорытындылары бойынша кемінде жылына бір рет жаңартылуға жатады, сондай-ақ Банктің тәуекел-профиліне әсер етуі мүмкін жағдайлар туындаған кезде жоспардан тыс қайта қаралады. Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау нәтижелері Тәуекелдер тізілімінде, Елеулі тәуекелдер туралы шоғырландырылған есепте және Елеулі тәуекелдер картасында құжат түрінде жинақталады, олар Банктің Директорлар кеңесімен бекітіледі.

Банктің тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау

Банк талдау жүргізу және Тәуекелдер департаментінің келесі процестерге қатысуы арқылы (бірақ онымен шектелмей) ықтимал тәуекелдерге ұшырауды анықтайды және бағалайды:

1. жаңа үдерістерді, өнімдерді, қызметтерді, жүйелерді енгізу (және қолданыстағы үдерістерді өзгерту/пысықтау);
2. тәуекелдерді өзін-өзі бағалауды жүргізу;
3. үшінші тұлғалармен жасалатын келісімдердің/келісімшарттардың (оның ішінде аутсорсинг келісімшартының) сараптамасы;
4. Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне енгізілетін өзгерістерге сараптама;
5. сыртқы көздердегі мәліметтердің мониторингі (оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары);
6. Банктің негізгі есептілігінде ұсынылған мәліметтерді талдау (қаржылық есептер, тәуекелдің түйінді индикаторлары);
7. сыртқы аудиторлардың/консалтингтік ұйымдардың қорытындыларында ұсынылған мәліметтерді талдау.

Тәуекелдерді бағалау олардың маңыздылық деңгейін және Банктің қаржылық тұрақтылығына әсерін айқындауға бағытталған. Сапалық бағалау тәуекелдік оқиғалардың туындау ықтималдығын және олардың әсер ету дәрежесін анықтау арқылы жүргізіледі. Сандық бағалау ықтимал шығындарды есептеу, сезімталдықты талдау, стресс-тестілеу және сценарийлік модельдеу арқылы жүзеге асырылады. Тәуекелдер басымдық деңгейі бойынша жіктеледі, бұл ең маңызды қауіптерге назар аударуға мүмкіндік береді. Бағалау тұрақты негізде, сондай-ақ сыртқы немесе ішкі ортада елеулі өзгерістер болған жағдайда жүргізіледі.

Банктің тәуекел-тәбетін анықтау және лимиттердің сақталуын бақылау

Сәйкестендірілген тәуекелдердің деңгейін мониторинг жүргізу және бақылау Директорлар кеңесі бекіткен «Нұрбанк» АҚ Тәуекел-тәбет стратегиясына сәйкес Банк белгілеген ішкі лимиттерге негізделеді, ол банктің жалпы стратегиясын іске асыру шеңберінде банк қызметі жүзеге асырылатын қабылданатын тәуекелдер көлемінің нақты шекараларын айқындайды, тәуекелдерді іске асыруға жол бермеу мақсатында банк қызметінің тәуекел-профилін айқындайды немесе олардың банктің қаржылық жағдайына теріс әсерін барынша азайту, сондай-ақ тәуекел-тәбет мәлімдемесін құру үшін негіз болып табылады.

Тәуекелдердің елеулі түрлері бойынша ішкі лимиттерді белгілеу тәртібі және Банкте тәуекел-тәбеттің жиынтық деңгейін айқындау Директорлар кеңесі бекіткен «Нұрбанк» АҚ Тәуекел-тәбетінің әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Тәуекел-тәбет деңгейлерін есептеу және айқындау кезінде Банк келесі ақпарат пен материалдарды пайдаланады (бірақ олармен шектелмейді):

1. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері және тиісті мәселелерді реттейтін Банктің ішкі нормативтік құжаттары;
2. Банктің ақпараттық жүйелерінің деректері;
3. Банктің құрылымдық бөлімшелері дайындайтын басқарушылық және реттеушілік есептілік;
4. уәкілетті органның, ішкі және сыртқы аудиторлардың, рейтингтік агенттіктердің және өзге де беделді көздердің ұсынымдары;
5. стресс-тестілеу нәтижелері;
6. Банктің бизнес-стратегиясы мен мақсаттары.

Тәуекелдер бойынша белгіленген лимиттердің асып кетуі туралы ақпарат (мұндай асып кетулерді іске асыру кезінде) Банктің Басқармасы мен Директорлар кеңесінің назарына дереу жеткізіледі. Тәуекел тәбеттің белгіленген деңгейінен асатын тәуекелді қабылдау туралы шешім қабылданған жағдайларда тәуекел-менеджмент басшысы мұндай алып тастау туралы есепті асып кету себептерін тиісінше талдай отырып, Банктің Директорлар кеңесіне ұсынады және одан әрі қабылданған тәуекел деңгейінің белгіленген рұқсат етілген деңгейге дейін төмендеуіне бақылауды жүзеге асырады.

Банк елеулі деп айқындаған тәуекелдерді тиімді басқару үшін, сондай-ақ тәуекел-тәбет стратегиясы шеңберінде белгіленген лимиттердің сақталуына мониторингті қамтамасыз ету мақсатында Тәуекелдер департаменті Басқарма мен Директорлар кеңесін хабардар ету мақсатында тұрақты есептілік жасайды. Сондай-ақ, Тәуекел-менеджмент басшысы банктегі тәуекелдің негізгі түрлеріне шоғырландырылған талдау жүргізеді және тәуекелдер бойынша жиынтық есептілік Директорлар кеңесінің қарауына жыл сайынғы негізде ұсынады.

Банктің елеулі тәуекелдеріне шолу

Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел елеулі деп танылады, себебі кредиттік операциялар Банктің бизнес-моделінің негізгі бөлігін құрайды және активтердің елеулі үлесін құра отырып, қаржылық нәтижеге және капитал жеткіліктілігі көрсеткіштеріне тікелей әсер етеді. Макроэкономикалық жағдайлардың қолайсыз дамуы кезінде кредиттік тәуекелдің іске асырылуы резервтердің ұлғаюына, активтер сапасының нашарлауына және капиталдандыру деңгейінің төмендеуіне алып келуі мүмкін, бұл Банктің қаржылық тұрақтылығына және стратегиялық бағдарларына елеулі әсер етеді. Кредиттік портфельдің сыртқы ортадағы өзгерістерге сезімталдығын және оның Банктің қызметіндегі жүйе құраушы рөлін ескере отырып, кредиттік тәуекел тәуекел-тәбеттің негізгі назарында және басқарудың басымды түріндегі бақылауында болады.

Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел (оның ішінде пайыздық тәуекел, валюталық тәуекел және бағалық тәуекел) елеулі деп танылады, өйткені нарықтық параметрлердің өзгеруі қаржылық нәтижеге, активтер мен міндеттемелердің құнына, сондай-ақ капитал жеткіліктілігі көрсеткіштеріне тікелей әсер етуі мүмкін. Пайыздық мөлшерлемелердің, валюта бағамдарының және нарықтық бағалардың ауытқуы баланстық позицияларды қайта бағалауға, пайыздық маржаның өзгеруіне және сыртқы конъюнктураның қолайсыз дамуы кезінде шығындардың қалыптасуына алып келуі мүмкін. Банктің макроэкономикалық және қаржылық факторлардың динамикасына сезімталдығын ескере отырып, нарықтық тәуекел тәуекел-профильдің маңызды элементі ретінде қарастырылады және тиісті тәуекел-тәбет деңгейлерін белгілеуге әрі реттеушілік мониторингке жатады.

Нарықтық тәуекелді басқару Банктің Директорлар кеңесі бекіткен «Нұрбанк» АҚ-ның нарықтық тәуекелді басқару саясатына және «Нұрбанк» АҚ-ның активтер мен пассивтерді

басқару саясатына сәйкес жүзеге асырылады. Банк нарықтық тәуекелді жекелеген қаржы құралдары бойынша ашық позицияларға және валюталық позиция мөлшеріне лимиттер белгілеу, сондай-ақ олардың сақталуын тұрақты түрде мониторинг жүргізу арқылы басқарады. Банк үшін басымдық – қаржы құралдарына салынған инвестициялар бойынша ықтимал шығындар мен алынбай қалған табысты азайту (болдырмау) негізінде активтер мен меншікті капиталдың барынша сақталуын қамтамасыз ету. Акциялармен және туынды қаржы құралдарымен операциялар Банк тарапынан елеулі тәуекелге ие болуы мүмкін деп қарастырылады және әрбір мәміле бойынша Активтер мен пассивтерді басқару комитетінің жеке шешімі негізінде ғана жүзеге асырылады.

Банк бағалы қағаздармен операцияларды өзінің негізгі қызмет түрі ретінде қарастырмайды және бағалы қағаздар портфелін негізінен жоғары өтімді қаржы құралдарынан тұратын өтімділік буферін қалыптастыру мақсатында жасақтайды. Банктің Директорлар кеңесі жыл сайын қаржы құралдарының түрлері, эмитенттер, валюталар, мерзімдер және тәуекел деңгейі бойынша инвестициялар лимиттерін айқындайтын Инвестициялық жоспарды бекітеді.

Пайыздық тәуекелді басқару өкілеттіктер мен жауапкершілікті бөлу, пайыздық тәуекелді басқару қағидалары мен рәсімдерін айқындау, тәуекел деңгейін оның өзгеруіне әсер ететін себептер мен факторларды анықтай отырып мониторингтеу, пайыздық тәуекел деңгейін сипаттайтын сандық параметрлерді қалыптастыру, сондай-ақ пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруінің түрлі сценарийлерін қолдана отырып тәуекел деңгейін бағалау және стресс-тестілеу арқылы жүзеге асырылады.

Банк ұлттық немесе шетел валюталары бағамдарының болжамды өзгерістерін және өзге де макроэкономикалық индикаторларды ескере отырып, уәкілетті орган белгілеген ашық валюталық позиция лимиттерін сақтайды.

Нарықтық тәуекел бойынша тәуекел-тәбет деңгейі, оның ішінде, келесі көрсеткіштер бойынша белгіленген: нарықтық тәуекелден болатын шығындардың (залалдардың) ең жоғары мөлшері; бағалы қағаздардың сауда портфелі бойынша шығындар (оның ішінде стресс-тестілеу шеңберінде); сауда кітабының пайыздық тәуекелі бойынша шығындар; нарықтық тәуекелді жабуға арналған экономикалық капитал; жекелеген шетел валюталары бойынша ашық валюталық позиция және (немесе) нетто-позиция; пайыздық мөлшерлемелердің параллель өзгеруі нәтижесінде таза пайыздық табыстың және капиталдың экономикалық құнының өзгеру мөлшері; стресс-тестілеу шеңберіндегі банктік портфель бойынша шығын.

Есепті күндегі жағдай бойынша Банк ашық валюталық позиция мөлшеріне қатысты пруденциялық нормативтер мен ішкі лимиттерді, сондай-ақ Банктің Директорлар кеңесі бекіткен нарықтық тәуекел бойынша тәуекел-тәбет деңгейлерін сақтады.

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі елеулі деп танылады, өйткені оның іске асырылуы Банктің өз міндеттемелерін уақтылы және толық көлемде орындау қабілетіне, сондай-ақ өтімділік бойынша міндетті нормативтердің сақталуына тікелей әсер етуі мүмкін. Нарық конъюнктурасының, салымшылар мінез-құлқының және қорландыру шарттарының қолайсыз өзгерістері өтімділік көрсеткіштеріне және Банктің тұрақтылығына елеулі әсер етуі мүмкін, бұл ретте реттеушілік шаралардың қолданылу қаупі бар. Ресурстардың қол жетімділігі мен құнына қатысты сыртқы орта өзгерістеріне Банктің сезімталдығын ескере отырып, өтімділік тәуекелі тәуекел-профильдің негізгі элементтерінің бірі ретінде қарастырылады және жеке тәуекел-тәбет деңгейлерін белгілеуге әрі басқарушылық бақылаудың басымдығына жатады.

Өтімділік тәуекелін басқару Банктің Директорлар кеңесі бекіткен «Нұрбанк» АҚ-ның өтімділікті басқару саясатына (шоғырландырылған негізде) және «Нұрбанк» АҚ-ның активтер мен пассивтерді басқару саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

Өтімділікті басқару күн сайын және үздіксіз жүзеге асырылады. Шешім қабылдау кезінде өтімділік пен табыстылық арасындағы қайшылық Банк тарапынан өтімділік пайдасына шешіледі; өтімділік жағдайына әсер ететін әрбір мәміле өтімділік тәуекелі тұрғысынан ескеріледі. Активтерді әртүрлі қаржы құралдарына орналастыру кезінде Банк ресурстар

көзінің мерзімін, көлемін және валютасын ескереді. Банк уәкілетті орган белгілеген өтімділік нормативтерінің сақталуын күн сайын бақылауды жүзеге асырады.

Өтімділік тәуекелінің сапалық метрикаларына ресурс базасының тұрақтылығын, стресс жағдайларындағы клиенттер мен контрагенттердің мінез-құлқын, нарықтық қорландырудың қол жетімділігін және Банктің қаржылық нәтижесінің нарық құбылмалылығына сезімталдығын бағалау кіреді. Қосымша түрде макроэкономикалық ортаның, қаржы құралдарының нарықтық өтімділігінің және реттеушілік талаптардың өзгерістері ескеріледі.

Өтімділік тәуекелі бойынша тәуекел-тәбет деңгейі, оның ішінде, келесі көрсеткіштер бойынша белгіленген: ағымдағы өтімділік коэффициенті (k_4); жедел өтімділік коэффициенттері (k_4-1 , k_4-2 , k_4-3); жедел валюталық өтімділік коэффициенттері (k_4-4 , k_4-5 , k_4-6); жоғары өтімді активтердің жиынтық активтердегі үлесі; барлық валюталар жиынтығы бойынша және (немесе) жекелеген валюта бойынша бір жылға дейінгі мерзімдегі жинақталулық алшақтық мөлшері; өтімділікті жабу коэффициенті (Liquidity Coverage Ratio, LCR); тұрақты қорландырудың таза коэффициенті (Net Stable Funding Ratio, NSFR); өтімділік горизонты.

Өтімділіктің жеткіліктілігін басқару үдерісі Банктің Директорлар кеңесі бекіткен «Нұрбанк» АҚ-ның өтімділіктің жеткіліктілігін ішкі бағалау үдерісі» атты ішкі құжат арқылы реттелген. Есепті күндегі жағдай бойынша Банк уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген пруденциялық нормативтер мен өтімділік коэффициенттерін орындады; өтімділік тәуекелі бойынша ішкі лимиттер белгіленген мәндер шегінде болды.

Операциялық тәуекел

Операциялық тәуекел елеулі деп танылады, өйткені оның іске асырылуы қаржылық нәтижеге және капитал жеткіліктілігі көрсеткіштеріне тікелей әсер ететін қаржылық шығындарға алып келуі мүмкін. Жүргізілетін операциялардың ауқымы мен күрделілігін, сондай-ақ процестердің ұйымдастырушылық және технологиялық факторларға тәуелділігін ескере отырып, қолайсыз жағдайлар орын алған кезде бұл тәуекел Банктің тұрақтылығы мен беделіне ықтимал әсерімен сипатталады. Бақылау рәсімдерін одан әрі дамыту және автоматтандыру қажеттілігі жағдайында операциялық тәуекел Банктің тәуекел-профилінің маңызды элементі ретінде қарастырылады және тәуекел-тәбет аясында, сондай-ақ басқарушылық бақылаудың басым бағыттарының бірі болып табылады.

Операциялық тәуекелді басқару Банктің Директорлар кеңесі бекіткен «Нұрбанк» АҚ-да операциялық тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес жүзеге асырылады. Банк операциялық тәуекел оқиғаларының барлығын, келтірілген шығын мөлшеріне қарамастан, тіркейді.

Операциялық тәуекел деңгейінің өсуін болдырмау мақсатында Банк әрбірі үшін шекті мәндер белгіленген негізгі тәуекел индикаторлары жүйесін пайдалана отырып, операциялық тәуекелге мониторинг жүргізеді. Тұрақты негізде тәуекелдерді өзіндік бағалау, операциялық тәуекел бойынша сценарийді талдау (стресс-тестілеу) және сыртқы оқиғаларды талдау жүзеге асырылады. Нәтижелері бойынша тәуекелдің іске асырылу салдарларын ғана емес, себептерін де жоюға бағытталған іс-шаралар жоспарлары әзірленеді.

Банктің барлық жаңашылдықтары (құрылымды өзгерту, жаңа банктік өнімдер, қызметтер мен технологияларды енгізу, қызметтің жаңа бағыттарын игеру) операциялық тәуекел факторларын анықтау мақсатында талдаудан өтеді.

Операциялық тәуекелді азайту үшін Банк, соның ішінде, келесі құралдарды қолданады: Банктің ұйымдық құрылымын және ішкі қағидалары мен рәсімдерін жетілдіру; Банктің ақпараттық жүйелеріне рұқсатсыз қол жеткізуден қорғау; қайталанатын күнделікті әрекеттерді автоматтандыру, сондай-ақ пайдаланушылар әрекеттерін тіркеу және мониторингтеу; қаржылық операцияларды жүзеге асыруға байланысты Банк қызметкерлерінің әрекеттерін құжаттау; ақпаратқа қол жеткізу құқықтарын шектеу; лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану; ақпараттық және технологиялық жүйелерді резервке айналдыру; ақпаратты берудің қорғалған арналары; Банктің негізгі ұйымдарын күзету және қорғауды ұйымдастыру.

Операциялық тәуекел бойынша тәуекел-тәбет деңгейі операциялық тәуекел оқиғаларының туындауы нәтижесінде болатын шығындардың (залалдардың) ең жоғарғы мөлшері ретінде белгіленген және сапалық көрсеткіштермен толықтырылған, оның ішінде: негізгі бизнес-процестердің ұзақ уақытқа тоқтап қалуына әкеп соққан жүйелік операциялық іркілістердің болмауы; қаржылық тұрақтылыққа немесе іскерлік беделге елеулі әсер ететін сыни инциденттердің жол берілмеуі; Банктің негізгі процестерінің тұрақтылығы; бақылау ортасының жеткілікті деңгейде үздіксіз қамтамасыз етілуі.

Операциялық тәуекел бойынша басқарушылық есептілік жүйесі Банктің Басқармасына ай сайын және Директорлар кеңесіне тоқсан сайын ақпарат беруді көздейді.

Есепті күндегі жағдай бойынша операциялық тәуекел бойынша белгіленген лимиттер мен тәуекел-тәбет деңгейлерінің бұзылу фактілері анықталған жоқ: көрсеткіштер рұқсат етілген мәндер шегінде.

ҚЗК/ТҚ/ЖҚҚТ тәуекелі

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру тәуекелі (ҚЗК/ТҚ/ЖҚҚТ) реттеушілік ортаның өзгерістеріне жоғары сезімталдығын және Қазақстан Республикасы заңнамасының осы саладағы талаптарының маңыздылығын ескере отырып, елеулі тәуекел ретінде танылады. Бұл тәуекел Банктің капиталына тікелей елеулі материалдық қауіп көзі ретінде қарастырылмаса да, оның іске асырылуы Банктің беделіне, іскерлік белсенділігіне және реттеушілік бағасына әсер етуі мүмкін. Процестерді одан әрі дамыту және бақылауды автоматтандыру қажеттілігін ескере отырып, ҚЗК/ТҚ/ЖҚҚТ тәуекелі тәуекел-тәбет аясында және басқару органдары тарапынан басым назарда болады.

ҚЗК/ТҚ/ЖҚҚТ тәуекелін басқару Банктің Директорлар кеңесі бекіткен «Нұрбанк» АҚ-ның қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

Қаржылық мониторингке жататын банктік операцияларды жүзеге асыру кезінде туындайтын тәуекелдерді азайту рәсімдерін іске асыру барысында Банктің жауапты құрылымдық бөлімшелері арасындағы өзара іс-қимылды үйлестіруші, сондай-ақ уәкілетті органмен, өзге де қадағалау органдарымен және халықаралық қаржы институттарымен ҚЗК/ТҚ/ЖҚҚТ мәселелері бойынша өзара қатынастарды үйлестіруші – Банктің AML департаменті болып табылады.

Банк жыл сайын ҚЗК/ТҚ/ЖҚҚТ тәуекеліне ұшырау деңгейін бағалайды, бұл Банктің қылмыстық кірістерді заңдастыру, терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру процестеріне тартылу осалдығын анықтауға, сондай-ақ осы саладағы ішкі бақылау жүйесінің жеткіліктілігін бағалауға бағытталған. Бағалау клиенттік базаға, өнімдер желісіне, қызмет көрсету арналарына, операциялар географиясына және Банктің қызметінің өзге де сипаттамаларына байланысты жоғары тәуекел факторларын анықтауға бағытталған. Бағалау нәтижелері ішкі рәсімдерді түзету, ресурстарды бөлу, бақылау басымдықтарын айқындау және қажет болған жағдайда ҚЗК/ТҚ/ЖҚҚТ тәуекелі бойынша тәуекел-тәбет деңгейлерін қайта қарау үшін пайдаланылады.

ҚЗК/ТҚ/ЖҚҚТ тәуекелін сапалық бағалау клиенттік базаның құрылымын жоғары тәуекелді клиенттердің болуы тұрғысынан талдауды, Банктің клиенттері арасында терроризмді және (немесе) экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізімдерімен, сондай-ақ қолданылатын өзге де санкциялық тізімдермен сәйкестіктердің болуын тексеруді, Politically Exposed Person (PEP) санатындағы клиенттердің болуын анықтауды және оларға қатысты қолданылатын бақылау шараларын бағалауды, сондай-ақ жоғары тәуекелді юрисдикциялармен клиенттік және операциялық байланыстарды талдауды қамтиды.

ҚЗК/ТҚ/ЖҚҚТ тәуекелі бойынша тәуекел-тәбет деңгейі сапалық көрсеткіштер арқылы айқындалады, оның ішінде: елеулі бұзушылықтар саны, оқыту қамту деңгейі, өңделмеген сигналдар үлесі, мерзімі өткен түзету іс-шараларының үлесі, жүйелік бұзушылықтардың болмауы және анықталған кемшіліктерді уақтылы жою.

ҚЗК/ТҚ/ЖҚҚТ тәуекелін азайту және алдын алу, клиенттерді тиісті тексеру (due diligence) жүргізу, сондай-ақ қаржылық мониторингті жүзеге асыру бойынша талаптар Банктің жауапты құрылымдық бөлімшелеріне, оның ішінде филиалдары мен еншілес ұйымдарына олардың құзыреті шегінде қолданылады

Экологиялық және әлеуметтік тәуекел

Экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару Банктің Директорлар кеңесі бекіткен «Нұрбанк» АҚ-ның экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

Климаттық (экологиялық) тәуекел Банк тарапынан оның қызметіне тән тәуекелдердің құрамында айқындалып, Банктің тәуекелдер тізіліміне енгізілген. Маңыздылығын бағалау нәтижелері бойынша бұл тәуекел елеусіз санатқа жатқызылған және Банктің ағымдағы қызметі шеңберінде басқаруға жатады.

Банк экологиялық және әлеуметтік факторларды тәуекелдерді басқару жүйесі аясында ескереді, өйткені мұндай факторлардың іске асырылуы Банктің қызметіне тән басқа да тәуекел түрлері арқылы көрініс табуы мүмкін. Экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді айқындау, бағалау және мониторингтеу рәсімдерін дамыту Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарындағы өзгерістерді және банк секторындағы тәуекелдерді басқару тәжірибесін ескере отырып, тұрақты негізде жүзеге асырылады.

Банктегі капиталдың жетімділігін басқару

Банкте капиталды басқарудың негізгі мақсаттары уәкілетті орган белгілеген капитал жеткіліктілігінің ең төменгі талаптарын сақтау, ағымдағы және әлеуетті тәуекелдерді жабуға жеткілікті капиталды қамтамасыз ету, стресс-сценарийлер жағдайында қаржылық тұрақтылықты қолдау, сондай-ақ акционерлер, клиенттер және уәкілетті орган тарапынан ашықтық пен сенімді қамтамасыз ету болып табылады.

Капитал жеткіліктілігін бағалау үдерісінің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында Банк келесі функцияларды орындайды:

1. Банктің қызметіне тән елеулі тәуекел түрлерін анықтау, бағалау, біріктіру және бақылау, оларды жабуға жеткілікті капитал деңгейін айқындау үшін;
2. Даму стратегиясына, елеулі тәуекелдерді кешенді бағалау нәтижелеріне, ішкі және сыртқы тәуекел факторларына қатысты Банктің қаржылық тұрақтылығын стресс-тестілеу нәтижелеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының банктер және банк қызметі туралы заңнамасында белгіленген меншікті капитал жеткіліктілігі талаптарына сүйене отырып, капиталды жоспарлау және қолдау;
3. Уәкілетті орган белгілеген капитал жеткіліктілігі бойынша міндетті нормативтердің орындалуын қамтамасыз ету.

Банктің меншікті капиталды басқару саласындағы критерийлері мен тәсілдері Директорлар кеңесі бекіткен «Нұрбанк» АҚ-ның стратегиялық және бюджеттік жоспарлау саясаты, «Нұрбанк» АҚ-ның тәуекел-тәбет туралы мәлімдемесі және «Нұрбанк» АҚ-ның капитал жеткіліктілігін ішкі бағалау процесі» атты ішкі құжатта айқындалған. Банктің қабылдайтын жиынтық тәуекел деңгейін көрсететін агрегаттан өткен тәуекел-тәбет деңгейлері капитал жеткіліктілігі көрсеткіштерінің мақсатты мәндері арқылы белгіленеді: негізгі капитал жеткіліктілігі коэффициенті (k_1), бірінші деңгейлі капитал жеткіліктілігі коэффициенті (k_{1-2}), меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті (k_2), меншікті капиталдың экономикалық капиталға қатынасы және левередж коэффициенті. Аталған агрегаттан өткен тәуекел-тәбет деңгейлері Банктің Директорлар кеңесімен бекітіледі.

Капитал жеткіліктілігін бағалау капитал жеткіліктілігін ішкі бағалау процесі шеңберінде жүзеге асырылады. Тәуекел-тәбет көрсеткіштерінің, оның ішінде агрегаттан өткен деңгейлердің нақты мәндерін бақылау тұрақты негізде жүргізіледі; тәуекел-тәбет деңгейлерінің нақты мәндері және олардың орындалуы туралы ақпарат Директорлар кеңесіне,

Директорлар кеңесінің тәуекелдер және сапа жөніндегі комитетіне және Банктің Басқармасына кемінде тоқсанына бір рет ұсынылады.

Есепті кезең ішінде Банктің меншікті капиталды басқару саласындағы тәуекелдерді басқару саясатына өзгерістер енгізілген жоқ. Капиталдың мақсатты деңгейін айқындау тәсілдері, агрегаттан өткен тәуекел-тәбет деңгейлерінің құрамы және оларды сақтау тәртібі өзгеріссіз сақталды.

Есепті күндегі жағдай бойынша Банктің капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің нақты мәндері консервациялық буфер мен жүйелік буферді ескере отырып белгіленген ең төменгі рұқсат етілген деңгейлерден жоғары болды (осы Мәліметтердің 1-кестесі).

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің мәндері: негізгі капитал жеткіліктілігі (k1) – 18,9%, бірінші деңгейлі капитал жеткіліктілігі (k1-2) – 18,9%, меншікті капитал жеткіліктілігі (k2) – 24,9% құрады, ал 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша тиісінше 21,3%, 21,3% және 29,8% болған. Сонымен қатар капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің нақты мәндері ең төменгі рұқсат етілген деңгейлерден консервациялық және жүйелік буферлерді ескере отырып k1 бойынша 10,9 пайыздық тармаққа, k1-2 бойынша 9,9 пайыздық тармаққа және k2 бойынша 14,4 пайыздық тармаққа жоғары, бұл Банктің жеткілікті капитал қорын сақтап отырғанын көрсетеді.

Капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің мәндері консервациялық және жүйелік буферлерді ескере отырып рұқсат етілген деңгейден төмендеген жағдайда, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, Банктің бөлінбеген таза табысын дивидендтер төлеу және акцияларды кері сатып алу мақсатында пайдалануға шектеулер енгізіледі.

2026 жылдың 01 қаңтарындағы жай-күй бойынша (Ережелердің 4-қосымшасына сәйкес) консервациялық буфер мен жүйелік буферді ескере отырып, капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің мәндері.

1-кесте

№	Атауы	Консервациялық буфер мен жүйелік буферді ескере отырып, капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің рұқсат етілген ең төменгі мәні (%)	Консервациялық буфер мен жүйелік буферді ескере отырып, капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің нақты деңгейі (%)
1	2	3	4
1	Негізгі капиталдың жеткіліктілігі (k1)	8%	18.9%
2	Бірінші деңгейлі капитал жеткіліктілігі (k1-2)	9%	18.9%
3	Меншікті капиталдың жеткіліктілігі (k2)	10.5%	24.9%

Банкте кредиттік тәуекелді басқару

Кредиттік тәуекелді басқару жүйесі шеңберінде Банк келесі қағидаттар мен талаптарды басшылыққа алады:

1. Банктің Директорлар кеңесі және Директорлар кеңесінің тәуекелдер және сапа жөніндегі комитеті мыналарды қамтамасыз етеді:

- қордың жеткілікті деңгейін қолдау;

- кредиттік тәуекелді бағалау процесіне бақылау жүргізу, ол мынадай шаралар арқылы қамтамасыз етіледі:
 - а) шешімдер қабылдау мақсатында ақпараттың толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз ету бойынша қажетті шараларды қабылдау;
 - б) Қазақстан Республикасының азаматтық, салық, банктік заңнамасының, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы, кредиттік бюролар және кредиттік тарихтарды қалыптастыру туралы заңнамасының, сондай-ақ кредиттік тәуекелді басқару жөніндегі ішкі саясаттар мен рәсімдердің талаптарын сақтау;
 - в) басқарушылық, реттеушілік және қаржылық есептіліктің толық әрі шынайы болуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдау;
 - г) бизнес-бөлімшелерден тәуелсіз қарыздарды бағалау рәсімінің болуы;
 - д) қарыздарды бағалау үдерісінде барлық қолжетімді ақпаратты пайдалануға негізделген кредиттік тәуекел деңгейі бойынша активтерді жіктеудің барабар жүйесін бекіту;
 - е) кредиттік тәуекелді басқару процесіне қатысушылар арасындағы өзара іс-қимыл рәсімдерінің толық әрі егжей-тегжейлі реттелуі;
 - ж) бекітілген қорларды құру әдістемесі және капитал жеткіліктілігін ішкі бағалау үдерісі шеңберінде күтілетін шығындарға қорлар деңгейінің сәйкестігін бағалауды қамтитын тиімді ішкі бақылау жүйесін құру;
- 2. Банк кредиттік қызметті және кредиттік тәуекелді басқаруды бекітілген кредиттік саясат шеңберінде жүзеге асырады;
- 3. Банк кредиттік тәуекел тән операцияларды жүзеге асыруды реттейтін ішкі құжаттарға сәйкес кредиттік қызметті жүзеге асырады;
- 4. Банк барабар рейтингтік модельдің және (немесе) скоринг жүйесінің болуын қамтамасыз етеді;
- 5. Банк кредиттік тәуекел деңгейі бойынша активтерді жіктеудің барабар жүйесінің болуын қамтамасыз етеді;
- 6. Банк проблемалық активтерді басқару саясатының болуын қамтамасыз етеді;
- 7. Банк қорларды қалыптастырудың сенімді әдістемесінің болуын қамтамасыз етеді;
- 8. Банк кредиттік тәуекелді бағалау модельдерін валидациялау рәсімінің болуын қамтамасыз етеді;
- 9. Банк кредиттік тәуекелді бағалау кезінде барабар және негізделген сараптамалық бағалауларды қолдануды қамтамасыз етеді;
- 10. Банк қарыздар (оның ішінде дебиторлық берешек пен шартты міндеттемелер), сондай-ақ кредиттік тәуекел тән өзге де операциялар туралы толық әрі шынайы ақпаратты қамтамасыз ететін деректерді сақтау құралдарының жиынтығын қоса алғанда, қажетті құралдардың болуын қамтамасыз етеді, бұл кредиттік тәуекел деңгейін дұрыс бағалауға мүмкіндік береді;
- 11. Банк басқарушылық ақпарат жүйесінің болуын және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Кредиттік тәуекел бойынша лимиттер

Кредиттік тәуекел бойынша тәуекел-тәбет деңгейі Банктің Директорлар кеңесі бекіткен «Нұрбанк» АҚ-ның тәуекел-тәбет туралы мәлімдемесінде белгіленген және, оның ішінде, келесі көрсеткіштер арқылы айқындалады:

1. кредиттік тәуекел дәрежесіне қарай өлшенген активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің көлемі;
2. 90 күннен астам мерзімі өткен қарыздардың үлесі;
3. бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің ең жоғары мөлшері;
4. нетто-негізде 20 ірі қарыз алушының негізгі капиталға қатынасы;
5. жарты жыл ішінде 3-сатыдағы қарыздардың өсуі;
6. 3-сатыдағы активтер бойынша резерв жасау деңгейі;
7. портфельдегі 3-сатыдағы активтердің үлесі;
8. 6 ай ішінде жұмыс істемейтін кредиттердің өсімі;

9. 20 ірі қарыз алушы бойынша орташа шоғырлану лимиті – реттеушілік меншікті капиталға қатынасы;

10. 20 ірі қарыз алушы бойынша орташа шоғырлану лимиті – тәуекел портфеліне қатынасы.

Қосымша ретінде Банк ішкі кредиттеу лимиттері жүйесін қолданады, оған контрагенттер және өзара байланысты контрагенттер топтары бөлінісінде лимиттер, экономика секторлары бойынша лимиттер, сондай-ақ Банктің Инвестициялық жоспарында белгіленген қаржы құралдарына инвестициялар лимиттері кіреді. Контрагенттің кредиттік тәуекелін басқару операциялардың түріне, тәуекел деңгейіне және мерзіміне байланысты жекелеген контрагенттер мен контрагенттер топтарына белгіленген шоғырлану лимиттері және лимиттер арқылы жүзеге асырылады; лимиттерді белгілеу кезінде шешім қабылдаудың негізгі факторы ретінде контрагенттің қаржылық жағдайы қарастырылады.

Белгіленген тәуекел-тәбет деңгейлерінің сақталуына бақылау тиісті шекті мәндерді қамтитын тәуекел-тәбет деңгейлері матрицасын пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Тәуекел-тәбет көрсеткіштерінің нақты мәндері және олардың орындалуы туралы ақпарат Директорлар кеңесіне, Директорлар кеңесінің тәуекелдер және сапа жөніндегі комитетіне және Банктің Басқармасына кемінде тоқсанына бір рет ұсынылады.

Кредиттік тәуекелдің профилі

Банктің кредиттік тәуекел профилі активтер құрылымында кредиттік операциялардың басым болуымен айқындалады және осы Мәліметтердің 2 және 3-кестелері деректері негізінде есептелген 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша келесі көрсеткіштермен сипатталады:

1. кредиттік тәуекелге ұшырайтын талаптардың көлемі – таза баланстық құны бойынша 543 651 137 мың теңге, оның ішінде қарыздар – 344 342 812 мың теңге, борыштық бағалы қағаздар – 118 127 036 мың теңге, баланстан тыс міндеттемелер – 81 181 289 мың теңге;

2. дефолт жағдайындағы талаптардың көлемі – 46 722 644 мың теңге, оның ішінде қарыздар бойынша (провизияларды (резервтерді) шегергенге дейін) – 44 258 912 мың теңге, баланстан тыс міндеттемелер бойынша – 2 463 732 мың теңге; борыштық бағалы қағаздар бойынша дефолт жағдайындағы талаптар жоқ;

3. қорларды (резервтерді) шегергенге дейін қарыздар портфеліндегі дефолт жағдайындағы талаптардың үлесі – 11,7%; 90 күнтізбелік күннен астам мерзімі өткен берешегі бар талаптардың үлесі – 8,1%;

4. қорлардың (резервтердің) деңгейі қарыздар портфеліне қатысты (қорларды шегергенге дейін) – 9,2%; қарыздар портфелі бойынша дефолт жағдайындағы талаптарды жиынтық қорлармен (резервтермен) жабу деңгейі – 78,5%, ал 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар талаптар бойынша – 113,1%;

5. кепіл мүлкімен қамтамасыз етілмеген талаптардың үлесі (қорларды шегергенге дейін) қарыздар портфелінде – 4,8%; дефолт жағдайындағы талаптар құрамында (қорларды шегергенге дейін) кепіл мүлкімен қамтамасыз етілгені – 64,2%, кепілдіктермен – 19,2%;

6. баланстан тыс міндеттемелер бойынша қорлар (резервтер) деңгейі – 3,5%.

Борыштық бағалы қағаздар бойынша талаптар кепіл мүлкімен және кепілдіктермен қамтамасыз етілмеген; осы портфель бойынша дефолт жағдайындағы талаптар жоқ. Есепті күндегі жағдай бойынша туынды қаржы құралдарымен қамтамасыз етілген талаптар жоқ.

Кредиттік тәуекелді басқаруға тартылған бөлімшелердің ұйымдастырушылық құрылымы

Банктің кредиттік тәуекелді басқару жүйесі **үш қорғаныс желісі** қағидаты негізінде құрылған. Бірінші қорғаныс желісін Банктің бизнес-бөлімшелері құрайды, олар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес, бекітілген тәуекел-тәбет деңгейлері, ішкі лимиттер жүйесі, саясаттар, ережелер мен кредиттік тәуекелді басқару рәсімдері шеңберінде кредиттік тәуекелге тән операцияларды жүзеге асырады.

Екінші қорғаныс желісінің бөлімшелері бірінші желі бөлімшелерінен тәуелсіз болып табылады және өз құзыреті шеңберінде бақылау функцияларын жүзеге асырады. Екінші желі бөлімшелерінің тәуелсіздігі Банктің ұйымдық құрылымымен, сондай-ақ осы бөлімшелер туралы ережелерде және қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарында белгіленген функционалдық міндеттерімен қамтамасыз етіледі.

Үшінші қорғаныс желісі – Ішкі аудит қызметі болып табылады. Ол бірінші және екінші қорғаныс желілерінен тәуелсіз және кредиттік тәуекелді басқару жүйесінің, сондай-ақ бірінші және екінші қорғаныс желілерінің сапасы мен тиімділігін бағалауға жауапты.

Кредиттік тәуекелді басқаруға қатысатын бөлімшелердің өзара іс-қимылы Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен реттеледі және кредиттік шешім қабылдау, тәуекелді тәуелсіз бағалау және кейінгі бақылау функцияларын бөлу қағидатына негізделген.

Банктің бизнес-бөлімшелері қарыз алушы туралы ақпаратты жинауды және бастапқы талдауды жүзеге асырады, сондай-ақ кредиттік өтінімді құрады. Бизнес-бөлімшелерден тәуелсіз қарыздарды бағалау рәсімі екінші қорғаныс желісінің бөлімшелерімен қамтамасыз етіледі; Тәуекелдер департаменті Банктің қызметіндегі тәуекелдерге кешенді талдау жүргізеді және өз құзыреті шеңберінде қорытындылар қалыптастырады. Қамтамасыз ету түрлерінің қолайлылығын бағалау, кепіл мүлгінің нарықтық құнын анықтау және кепілдік дисконт мөлшеріне қойылатын талаптарды құру Банктің Директорлар кеңесі бекіткен «Нұрбанк» АҚ-ның Кепіл саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

Кредиттік тәуекелі бар операциялар бойынша шешімдер белгіленген өкілеттіктер шегінде Банктің кредиттік комитеттерімен қабылданады; жекелеген мәмілелер бойынша шешімдерді Банктің Үлкен кредиттік комитеті қабылдайды. Кредиттік комитеттердің өкілеттіктері мен функциялары Банктің Директорлар кеңесі бекіткен «Нұрбанк» АҚ-ның кредиттік комитеттері туралы ережемен реттеледі.

Контрагенттер арасындағы байланыстарды анықтау өзара байланысты тұлғалардың бірыңғай тізілімін жүргізумен қатар жүзеге асырылады, бұл тізілім кредиттік тәуекелдің шоғырлану лимиттерін белгілеу және бақылау кезінде қолданылады.

Белгіленген тәуекел-тәбет деңгейлерінен асатын тәуекелді қабылдау туралы шешім қабылданған жағдайда, тәуекел-менеджмент басшысы Директорлар кеңесіне мұндай ерекшелік туралы есепті, асып кету себептерін талдай отырып, ұсынады және қабылданған тәуекел деңгейін белгіленген рұқсат етілген деңгейге дейін төмендету бойынша кейінгі бақылауды жүзеге асырады.

Ішкі аудит қызметі үшінші қорғаныс желісі шеңберінде кредиттік тәуекелді басқару жүйесінің, сондай-ақ бірінші және екінші қорғаныс желілерінің сапасы мен тиімділігіне тәуелсіз бағалау жүргізеді.

Банктің бизнес-модельінің кредиттік тәуекел деңгейіне әсері

Банктің тәуекел-профилі оның қызметіне тән тәуекелдерді ескереді, олардың ішіндегі негізгісі – кредиттік тәуекел болып табылады. Кредиттік тәуекел Банктің табыстылығына тікелей әсер етеді және Банктің негізгі бизнес бағыты – кредиттеу, сондай-ақ өтімділікті орналастырудың кез келген басқа түрлері үшін тән болады.

Банк өз тәуекел-профилін даму стратегиясын, бизнес-ортаны, қызметінің ерекшеліктерін, соның ішінде жүргізілетін операциялар көлемін, тәуекел-менеджмент жүйесінің жетілу деңгейін, тәуекелдердің іске асу тарихын, уәкілетті органның талаптарын және халықаралық банк тәжірибесін ескере отырып айқындайды.

Банктің бизнес-моделі заңды және жеке тұлғаларға қызмет көрсетуді көздейді; кредиттік өнімдер корпоративтік және бөлшек бизнес шеңберінде ұсынылады. Кредиттік тәуекел Банктің қызметіндегі негізгі тәуекел болып табылады, өйткені Банк меншікті және тартылған қаражаттың едәуір бөлігін қарыздар беру арқылы орналастырады.

Банк консервативті кредиттік саясатты ұстанады, қабылданатын тәуекелдерді барынша жабуға ұмтылады және қарыз алушыларға кредиттік өнімдерді олардың қызметіне

байланысты барлық ықтимал тәуекелдерді жан-жақты бағалағаннан кейін ғана ұсынады. Банк кредиттік жүктемесі жоғары және қаржылық жағдайы қанағаттанарлықсыз, сондай-ақ кредит қаражатын қайтару көздері жоқ қарыз алушыларды қаржыландырудан аулақ болады.

Банк кредиттік портфельді қарыз алушылар санаттары, беру мерзімдері, қамтамасыз ету түрлері, салалық белгісі және кредит беру мақсаттары бойынша әртараптандыру қағидатын ұстанады; осы мақсатта тиісті кредиттеу лимиттері белгіленген.

Кредиттік міндеттемелерді қамтамасыз ету бойынша жұмыста Банк «Нұрбанк» АҚ-ның Кепіл саясатына сәйкес консервативті тәсілді қолданады. Банктің қамтамасыз етуді қалыптастыру саласындағы саясаты сенімді және өтімді қамтамасыз ету портфелін құру қағидатына негізделген.

Кредиттік тәуекелдің сапалық бағалауы қарыз алушының бизнес-моделінің тұрақтылығын, меншік құрылымының ашықтығын, корпоративтік басқару сапасын, іскерлік беделін және негізгі контрагенттер мен нарықтарға тәуелділігін талдауды қамтиды. Сонымен қатар төлем тәртібінің нашарлау белгілері, ақша ағындарының тұрақсыздығы, елеулі сот даулары мен құқықтық тәуекелдердің болуы да ескеріледі.

Кредиттік тәуекелдерді төмендетудің әдістері

Банк қаржылық активтерді **объективті құнсыздану белгілерін** және **кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюын** анықтау мақсатында ҚЕХС (IFRS) 9 және уәкілетті органның талаптарына сәйкес бағалайды. Банк құратын қорлар оның капиталдану деңгейіне тікелей әсер етеді. Банк тәуекелдер бойынша басқарушылық есептілік шеңберінде қорлар деңгейін тұрақты түрде есептеп, мониторинг жүргізеді, сондай-ақ қарыз алушыларды кредиттеу туралы шешім қабылдар алдында қорлардың мөлшерін бағалайды.

Кредиттік тәуекелді төмендету құралдары ретінде Банк кепіл мүлкі және кепілдіктер түріндегі қамтамасыз етуді қолданады. Қолданылатын тәуекелді төмендету құралдары туралы ақпарат осы мәліметтердің 3-кестесінде ашып көрсетілген.

Банк кредиттік тәуекелге ұшырайтын активтер деңгейіне (кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша өлшенген активтерге) тиімді бақылауды ішкі лимиттерді белгілеу арқылы қамтамасыз етеді. Бұл лимиттерді есептеу әдістемесі тәуекел түрлері бойынша лимиттерді белгілеу тәртібін реттейтін Банктің жеке ішкі нормативтік құжатында айқындалған. Кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша өлшенген активтерді есептеу уәкілетті органның банктер үшін пруденциялық нормативтерді есептеу тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актісіне сәйкес стандартталған әдіспен жүзеге асырылады.

Кредиттеу кезіндегі алаяқтық тәуекелі өтінімді қарау кезеңінде және кредитті кейінгі сүйемелдеу барысында қарыз алушының іскерлік беделін талдау арқылы, сондай-ақ қарыз алушының есептілігінің дұрыстығын тексеру мақсатында бухгалтерлік баланс пен пайда мен зиян туралы есеп баптарын өзара салыстырмалы талдау жүргізу арқылы барынша азайтылады.

Басқару органдарына кредиттік тәуекелдің деңгейі туралы хабарлаудың кезеңділігі

Кредиттік тәуекел бойынша басқару есептілігі кредиттік портфельді талдау, қарыздарды жіктеу, құрылған қорлар, қарыз алушылар мен контрагенттердің кредиттік рейтингтері, сондай-ақ кредиттік тәуекелдің шоғырлану лимиттерін мониторингтеу туралы ақпаратты қамтиды. Басқарушылық есептілік ай сайын Банктің Басқармасының қарауына ұсынылады, ал Директорлар кеңесінің Тәуекелдер және сапа жөніндегі комитетіне және Банктің Директорлар кеңесіне тоқсанына кемінде бір рет ұсынылады.

**01.01.2026 ж. жай-күй бойынша Банктің кредиттік тәуекелге ұшырауға бейім активтері туралы ақпарат
(Ережелердің 5-қосымшасының 1-кестесі)**

*2-кесте
(мың теңге)*

№	Атауы	Дефолт күйіне түскен кездегі талаптар	90 (тоқсан) күнтізбелік күннен асатын негізгі қарыз және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі кешіктірілген берешектермен талаптар	Дефолт күйіне түспеген кездегі талаптар	90 (тоқсан) күнтізбелік күннен асатын негізгі қарыз және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі кешіктірілген берешектермен талаптар	Қорлар (резервтер)	Активтердің таза баланстық құны
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Қарыздар	44 258 912	30 732 185	334 836 282	3 982 163	34 752 382	344 342 812
2	Борыштық бағалы қағаздар	0	0	118 731 408	0	604 372	118 127 036
3	Баланстан тыс міндеттемелер	2 463 732	0	81 640 900	0	2 923 343	81 181 289
4	Жиынтығы:	46 722 644	30 732 185	535 208 590	3 982 163	38 280 097	543 651 137

Ескертпе:

Кестеде қарыздар бойынша жалпы берешек, кредиттік тәуекел тән өзге де операциялар, борыштық бағалы қағаздар, баланстан тыс міндеттемелер туралы ақпарат көрсетіледі;

3-бағанда Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2025 жылғы 29 қыркүйектегі № 61 «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес провизияларды (резервтерді) қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» қаулысында (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36994 болып тіркелген) көзделген тәртіппен есептелетін дефолт жағдайындағы талаптар көрсетіледі;

4-бағанда негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен астам мерзімі өткен берешегі бар талаптар көрсетіледі;

5-бағанда дефолт жағдайында емес талаптар көрсетіледі;

6-бағанда негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен аспайтын талаптар көрсетіледі;

7-бағанда халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған қорлардың (резервтердің) жалпы сомасы көрсетіледі;

8-бағанда активтердің таза баланстық құны көрсетіледі, ол 3 және 5-бағандардың қосындысынан немесе 4 және 6-бағандардың қосындысынан 7-бағанды шегеру арқылы есептеледі.

Банктің түсіндірмесі:

4 және 6-бағандарда мерзімі өткен берешегі бар талаптар мерзімі бойынша бөліністе ашып көрсетіледі: тиісінше 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен астам және 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен аспайтын. Мерзімі өткен берешегі жоқ талаптар аталған бағандарда көрсетілмейді. Осыған байланысты активтердің таза баланстық құны (8-баған) ескертпеде көзделген есептеу тәсілдерінің біріншісі бойынша айқындалған – яғни 3 және 5-бағандардың қосындысынан 7-бағанды шегеру арқылы. Аталған тәсіл Банк тарапынан дәйекті түрде қолданылған және алдыңғы есепті кезеңде пайдаланылған ақпаратты ашу тәртібіне сәйкес келеді.

**01.01.2026 ж. жай-күй бойынша кредиттік тәуекел туралы ақпарат
(Ережелердің 5-қосымшасының 2-кестесі)**

*3-кесте
(мың теңге)*

№	Атауы	Барлығы	Қамтамасыз етілмеген талаптар	Кепілзатпен қамтамасыз етілген талаптар	Кепілмен қамтамасыз етілген	Туынды құралдармен қамтамасыз етілген талаптар
1	2	3	4	5	6	7
1	Кредиттер	344 342 812	12 581 991	262 246 925	69 513 896	-
2	Борыштық бағалы қағаздар	118 127 036	118 127 036	-	-	-
3	Барлығы, соның ішінде:	462 469 848	130 709 027	262 246 925	69 513 896	-
4	Дефолт күйіндегі талаптар	20 397 117	2 439 816	14 429 581	3 527 720	-
4.1	<i>Кредиттер</i>	20 397 117	2 439 816	14 429 581	3 527 720	-
4.2	<i>Борыштық бағалы қағаздар</i>	-	-	-	-	-

Ескертпе:

Кестеде Банктің капиталға қойылатын талаптарды төмендету мақсатында қолданатын кредиттік тәуекелді төмендету құралдары туралы ақпарат көрсетіледі;

4-бағанда халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған қорларды (резервтерді) шегергеннен кейін кепіл мүлкімен қамтамасыз етілмеген талаптар туралы ақпарат көрсетіледі;

5-бағанда кепіл мүлкімен (жылжымайтын мүлік, жабдықтар және негізгі құралдар, көлік құралдары, жер қойнауын пайдалану құқығы және өзге де мүлік) қамтамасыз етілген талаптар туралы ақпарат көрсетіледі;

6-бағанда халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған қорларды (резервтерді) шегергеннен кейін кепілдіктермен қамтамасыз етілген талаптар туралы ақпарат көрсетіледі;

7-бағанда халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған қорларды (резервтерді) шегергеннен кейін туынды қаржы құралдарымен қамтамасыз етілген талаптар туралы ақпарат көрсетіледі.